

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан)**

**«AMANAT» партиясының әйелдер қанаты
(Қазақстан)**

**Низами атындағы Өзбекстан ұлттық
педагогикалық университеті (Өзбекстан)**

Ош мемлекеттік университеті (Қырғызстан)

Данғара мемлекеттік университеті (Тәжікстан)

**Сейтназар Сейди атындағы Түрікмен мемлекеттік
педагогикалық институты (Түрікменстан)**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:
«ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ:
ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ»**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL
SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA:
DEVELOPMENT PATHS AND PROSPECTS»**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ:
«ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ:
ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

Астана қаласы
28 мамыр 2025 ж.

УДК 159.9
ББК 88.3
О-72
ISBN 978-601-08-5194-8

Рецензенты:

Перленбетов Мухан Атенович - доктор психологических наук, профессор. Президент "Казахского психологического общества", Академик Казахской национальной академии естественных наук
Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековна - доктор педагогических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева

Организационный комитет

Председатель: Сыдыков Ерлан Батташевич - Председатель Правления – ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор исторических наук, академик НАН РК, профессор

Сопредседатель: Каримова Шолпан Танатовна - Секретарь партии «AMANAT»

Заместители председателя, Сопредседатели Женского крыла партии «AMANAT»:

Мусралимова Айна Ермаковна - Депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан

Шаукенова Зарема Каукеновна - Академик НАН РК, доктор социологических наук, профессор

Куантаев Нуржан Куантайұлы - Декан факультета журналистики и социальных наук ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат филологических наук, доцент

Оргкомитет:

Мамбеталина Алия Сактагановна - Заведующая кафедрой психологии Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, кандидат психологических наук, ассоциированный профессор

Умарова Навбахор Шокировна - Заведующая кафедрой практической психологии Национального педагогического университета Узбекистана имени Низами, доктор психологических наук, доцент (г. Ташкент, Узбекистан)

Гафурова Дилором Джаборовна - Заведующая кафедрой педагогики и психологии Дангаринского государственного университета, доцент, кандидат педагогических наук (г. Дангара Таджикистан)

Жолдошева Акчач Олмасовна - Профессор кафедры психологии Ошского государственного университета, доктор психологических наук (г. Ош, Кыргызстан)

Мурадова Сахрагуль Бабаниязовна - Заведующая кафедрой психологии Туркменского государственного педагогического института имени Сейитназара Сейди, Туркменабат Туркменистан

Члены оргкомитета, редакционная коллегия: Рыскулова М.М., Абенова С.У., Менлибекова Г.Ж., Джексембаева Г.С., Тусупбекова Б.С., Гитихмаева Л.М., Токатлыгыль Ю.С., Айтышева А.М., Ганиева Г.Х., Нагымжанова К.М., Уталиева Ж.Т., Абдыкаликова М.Н., Мандыкаева А.Р., Шнайдер Д.Ж., Умирзакова А.М., Айкинбаева Г.К., Байжуманова Б.Ш., Бекеева Г.С., Карибаева Г.М., Аубакирова Ж.К., Нурадинов А.С., Құнанбаева М.Н.

ISBN 978-601-08-5194-8

Все статьи публикуются в авторской редакции
Барлық мақалалар авторлық нұсқада жарияланған
All articles are published in the author's version

Жинаққа «ОРТА АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ: ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген. 28.05.2025 ж., «KazServicePrintLTD» ЖШС Астана қ. - 780 бет
The collection includes materials from the International Scientific and Practical Conference: "PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA: PATHS AND PROSPECTS FOR DEVELOPMENT." May 28, 2025, «KazServicePrintLTD» LLP, Astana - 780 pages.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции: «ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ». 28.05.2025, ТОО «KazServicePrintLTD» г. Астана - 780 стр.

Настоящий сборник составлен по материалам международной научно-практической конференции «Психология в Центральной Азии: пути и перспективы развития», состоявшейся 28 мая 2025 года в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана).

Цель конференции - обмен научными знаниями и практическим опытом в области психологии, обсуждение актуальных вопросов психологической науки и образования в странах Центральной Азии, а также развитие академических и профессиональных связей между специалистами.

Сборник адресован научным и педагогическим работникам, ведущим теоретические и прикладные исследования в области психологии, практикующим специалистам, работающим с различными категориями населения, а также представителям смежных сфер. Особое место в целевой аудитории сборника занимают молодые учёные, студенты, магистранты и докторанты, для которых представленные материалы могут служить ценным ресурсом в научной, учебной и практической деятельности.

Материалы публикуются в авторской редакции, редколлегия не несёт ответственность за содержание авторских материалов.

IV

**ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫ МЕН
ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ
ҚОЛДАНБАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРИКЛАДНЫЕ
ИССЛЕДОВАНИЯ ПСИХОЛОГИИ
ЛИЧНОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ГРУПП**

**RELEVANT APPLIED RESEARCH IN THE
PSYCHOLOGY OF PERSONALITY AND
SOCIAL GROUPS**

7. Выполняемая установка должна быть образцовой.

Важно наблюдать за строительством зданий вместе с детьми. Таким образом, у дошкольников расширяется представление о прекрасных строениях нашей Родины, формируется чувство уважения к нелегкому труду людей. В играх по сборке дети получают всестороннее образование в области красоты.

В результате дети стремятся сделать свои постройки гармоничными и красивыми, наблюдая за красотой нового жилья, дошкольных учреждений, школ, детских оздоровительных центров, прекрасных улиц и парков, которые сейчас строятся на нашей Независимой Родине. В то же время необходимо прививать дошкольникам смысл и суть строительных игр, прививать им с малых лет гордость и любовь к прекрасным городам и селам нашей Родины, воспитывать в них труд, красоту, ум через строительные игры.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Gurbanguly Berdimuhamedow. Ömrümiň manysynyň dowamaty. – A.: TDNG, 2023.
2. “Türkmenistanda umumybilim maksatnamalary boýunça okatmagyň usulyýetini kämilleşdirmegiň 2028-nji ýyla çenli Konsepsiýasy” Aşgabat şäheri, 25.05.2024ý.

УДК 159.923

ЖАСӨСПІМДЕРДЕГІ ПЕРФЕКЦИОНИЗМНІҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

НҮРКЕНҚЫЗЫ НҰРАЙЛЫМ

«Психология» білім беру бағдарламасы, 4 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

nnurkenkyzy@inbox.ru

Ғылыми жетекші — Карибаева Гүлназ Маратовна

пс.ғ.к., доцент

Аннотация. Мақалада жасөспірімдердегі перфекционизм феноменінің психологиялық табиғаты мен құрылымдық ерекшеліктері теориялық талдау негізінде қарастырылады. Перфекционизмнің адаптивті және дезадаптивті, қалыпты және невротикалық формаларының сипаттамалары беріліп, олардың тұлғалық және когнитивтік параметрлері сараланады. Перфекционистік бағдарланудың қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік-психологиялық детерминанттар, соның ішінде отбасылық тәрбиенің, әлеуметтік күтулердің деңгейінің ықпалы қарастырылады. Сонымен қатар, академиялық ортадағы талаптардың студенттердегі перфекционизм деңгейіне ықпал ету ерекшеліктері сипатталады. Перфекционизмнің психикалық денсаулықпен, атап айтқанда мазасыздық, депрессия және руминациялық үрдістермен байланысы эмпирикалық зерттеулер аясында талданады.

Түйінді сөздер: перфекционизм, жасөспірімдік кезең, қалыпты перфекционизм, невротикалық перфекционизм, адаптивті перфекционизм, дезадаптивті перфекционизм, гендерлік айырмашылықтар.

Қазіргі кезде перфекционизм деген не, ол тұлғаның оң көрінісі ме, жоқпа деген сұраққа жауап беретін сан алуан пікірлер бар. Америка психологиялық ассоциациясының сөздігінде бұл құбылысқа мынадай анықтама беріледі: «перфекционизм – басқалардан немесе өзінен жағдай қажет ететіннен асып түсетін өте жоғары немесе тіпті мінсіз өнімділікті талап ету үрдісі.» [1; 778].

Когнитивті бағытта жұмыс істейтін әйгілі психотерапевт Burns D. перфекционизмді - алдына шындыққа жанаспайтын тым жоғары стандарттарды қоюға, мүмкін емес мақсаттарға ұмтылыс пен өзінің құндылығын тек жетістіктер шеңберінде анықтаудан тұратын ерекше когнициялар торы ретінде қарастырады. Сонымен қатар Burns D. перфекционизмге «бәрі немесе ештеңе емес» терминінде ойлау когнитивті параметрін қосты. Бұл параметр бойынша іс-әрекетті орындаудың тек екі нұсқасы бола алады – өзінің жоғары стандарттарына толық сәйкестік немесе толық жеңіліс. Кейінгі зерттеу жұмыстарында бұларға «қазіргі және бұрынғы қателіктерге іріктемелі шоғырлану» көрсеткіші қосылды. 1990 жылдарға дейін перфекционизм ұғымы бірөлшемді құбылыс ретінде қарастырылған болатын. Кейінірек перфекционизмді тым жоғары стандарттар мен қатар, когнитивті және тұлғааралық көрсеткіштерді қосатын қиын құрылымды конструкт ретінде анықтайтын, көпөлшемді бағыт дамыды. Бірақ бұл құбылыстың құрылымын әр зерттеу топтары әртүрлі қарастырды. Американдық ғалымдар перфекционизмнің негізгі көрсеткіші ретінде: жоғары стандарттарды, тәртіпке ұмтылысты, мазасыздықты, прокрастинацияны (әрекеттің басталуын кейінге қалдыруға бейімділік) және тұлғааралық қарым-қатынастардағы қиындықтарды анықтады [2]. Соның ішінде ең көп тараған когнитивті модельдер: Hewitt P. L. пен Flett G. L. моделі және Frost R. O. соавторларымен бірігіп жасаған перфекционизмнің көпөлшемді моделі.

Канадалық зерттеушілер Hewitt P. L. пен Flett G. L. перфекционизмді үш көрсеткіш бойынша қарастырды:

- өзіне бағытталған перфекционизм – өзінің мінез-құлқын қатаң бағалап, сынау және өзіне тым жоғары стандарттар қою тенденциясы.

- басқаларға бағытталған перфекционизм – басқа адамдардың мінез-құлқын қатаң бағалап, сынау және басқаларға тым жоғары стандарттар қоюға бейімділік.

- әлеуметтік тағайындалған перфекционизм – басқа адамдарда мүмкін емес күтулер бар екендігіне және олардың шектен тыс талаптарына сай болу керектігіне сенім. Сонымен қатар, Hewitt P.L. пен Flett G.L. перфекционизмнің көпөлшемді шкаласы бойынша жүргізілген валидациялық зерттеуінің нәтижесі, басқа зерттеу жұмыстарының нәтижесімен сәйкес келіп бұл модельді қолдады [3].

Hewitt P. L. пен Flett G. L. перфекционизмді стресс деңгейін жоғарылататын теріс фактор ретінде қарастырады. Сондай-ақ мінез-құлыққа жағымсыз әсер ету деңгейі бойынша жоғарыда көрсетілген үш көрсеткішті ажыратқан болатын. Нәтижесінде, ең конструктивті көрініс ретінде өзіне бағытталған перфекционизмді, ал ең деструктивті әсер

калдыратын перфекционизм түрі ретінде – әлеуметтік тағайындалған перфекционизмді ажыратты [4].

Frost R.O. соавторларымен бірлесіп перфекционизмнің құрылымына келесі көрсеткіштерді қосты:

1. Жеке стандарттар – өзін-өзі бағалаудың ауытқуына және іс-әрекетпен қанағаттанбаушылыққа әкелетін, тым жоғары стандарттарды алдына қоюға бейімділік.

2. Қателіктерді көп ойлау – зейіннің қателіктерге көп шоғырлануы, қателіктерді жол болмай қалу ретінде санау.

3. Өз іс-әрекеттеріне күмәндану – орындаған әрекеттің сапасын көп олау.

4. Ата-аналық күтулер.

5. Ата-аналық сын – ата-ананы шектен тыс сынайтын адамдар ретінде қабылдау.

6. Ұйымдастырушылық қабілет – тәртіп пен ұйымдастырушылықтың маңыздылығы [2; 76].

Уақыт өте келе перфекционизмді патологиялық құбылыс ретінде ғана емес, тұлғаға күнделікті өмірде тән бола алатын, жетістіктерге өзіне және басқаларға зиян келтірмей жетуге көмектесетін қалыпты құбылыс ретінде қарастырыла бастады. Алғаш рет Namachek D. E. клиникалық тәжірибесінің негізінде невротикалық және қалыпты перфекционизмге сипаттама берді. Қалыпты перфекционисттер – алдына үлкен стандарттар қояды, бірақ перфекционизмнің басқа түрі бар адамдарға қарағанда икемдірек болып келеді, яғни өздерінің стандарттарын шынайы жағдайға қатысты өзгерте алады. Сонымен қатар алдына қойған үлкен стандарттар мен қиын мақсаттарға жету процесіне және нәтижесіне қанағаттана алады. Namachek D. E. невротикалық перфекционисттер – алдыларына үлкен стандарт қойғанымен оларды орындау кезінде өздеріне қателік жасауға мүмкіндік бермейтінімен ерекшеленетінін көрсетіп өткен болатын. Сол себепті оларда ешқашан бір нәрсе жеткілікті түрде жақсы жасалды деген сезім болмайды. Осылайша, перфекционизммен байланысты психологиялық мәселелер стандарттар тым жоғары болуымен емес, сыни бағалауға бейімділікпен байланысты болуы мүмкін. Невротикалық перфекционисттер өз іс-әрекеттерінің кемшіліктеріне бола көп алаңдайды, сондықтан кез-келген кемшіліктер перфекционистте талаптарға сай келмейтіні жайлы сезім тудырады [5].

Перфекционизмнің отбасылық даму модельдерінің ішінде бірінші модель – әлеуметтік күту моделі. Бұл модель бойынша бала ата-анасының махаббатын жаулап алудың жалғыз жолы жақсы жетістіктерге жету мен үлгілі мінез-құлық көрсету деген ойлардан перфекционизм туындайды. A. Bandura әлеуметтік үйрену моделі бойынша алып қарасақ, бала перфекционизмге ересектердің мінез-құлқына қарап үйренеді. Яғни, үнемі ересектердің жетістікке ұмтылып жүргенін көретін бала тек жақсы нәтижелерге жетуге ұмтылатын болады. Әлеуметтік реакция моделінде перфекционизм қатігез отбасылық ортаға қорғаныс механизмі немесе копинг-стратегия ретінде дамиды деп қарастырылады. Перфекционизмнің

қалыптасуының төртінші жолы мазасыздық моделінде айқын көрсетіледі. Бұл модель бойынша бала жақсы нәтижелер көрсеткен кезде мадақтау алып, бірақ қандай да бір қателіктер жасаған сәтте ата-анасының мазасыздығы мен көңілінен қалғанын сезінгенде перфекционизм дами бастайды. Осылайша перфекционизм құбылысының дамуына отбасылық орта үлкен әсер ететінін жоғарыда айтылып өткен модельдер арқылы байқай аламыз [6].

Университеттегі перфекционизм мен академиялық стандарттар арасындағы байланыс жоғары академиялық талаптар студенттердің перфекционистік мінез-құлыққа бейімділігін арттыруы мүмкін, әсіресе егер олар өздерінен жоғары үміт күтсе. Қазіргі университеттер студенттерге жоғары талаптар қояды: оқу үлгерімі, ғылыми және мектептен тыс жұмыстарға белсенді қатысу, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу қажеттілігі. Егер студент оларды өсу үшін ынталандыру ретінде қабылдаса, жоспарлауды, басымдық беруді және орындалған жұмысқа қанағаттана алса, бұл стандарттар адаптивті перфекционизмнің дамуына ықпал ете алады. Дегенмен, тұрақты бәсекелестік, соңғы мерзім қысымы, басқалардан нашар болу немесе мұғалімдер мен ата-аналардың үміттерін ақтамау қорқынышы жағдайында адаптивті перфекционизм дезадаптивті перфекционизмге айналуы мүмкін. Мұндай студент кез келген қатені сәтсіздік ретінде қабылдай бастайды, алдына қол жетімсіз мақсаттар қояды, тапсырмаларды орындауға шамадан тыс уақыт жұмсайды, күйзеліске, мазасыздыққа ұшырайды және тапсырмаларды кейінге қалдыруы мүмкін.

Ал Damian L. E. әріптестерімен перфекционисттік ұмтылыстардың артуына оқудағы жақсы нәтижелер әсер еткенін анықтаған болатын. Зерттеу жұмысын талдау арқылы, академиялық эффективтілігі жоғары деп саналатын оқушыларда алдына жоғары стандарттар қоюға бейімділіктің артқаны байқалды. Бұл Speirs Neumeister әріптестерімен дарынды студенттерге жүргізген экспериментінің қорытындыларымен сәйкес келеді. Оқушыларда жақсы нәтижелерге жету жағдайлары қайталанған сайын, мінсіздікке жетуге болатындығы жайлы ұстанымдары көбейеді, сол себепті өз стандарттары мен мақсаттарын арттыра береді. Бұндай академиялық жетістікке жетуге деген қалау, кейін өмірдің басқа да салаларына әсер ете алады [7].

Жасөспірімдік кезең – балалықтан ересек шаққа өтіп, тұлғаның қалыптасуында маңызды кезең ретінде ерекшеленеді, сол себепті бұл өте қиын уақыттардың бірі болып табылады. Көптеген авторлар жасөспірімдік шақтың психологиялық ерекшеліктерін қарастырғанда, олардың үш салада қайта құрылымдалумен байланысты екенін анықтады: денелік, психологиялық, әлеуметтік. Денелік, яғни физиологиялық салада көптеген гормондық өзгерістер болады. Оқушы әлеуметтік деңгейде бала мен ересек рөлінің арасындағы орынды алады, ал психологиялық салада өзін-өзі танудың дамуы жүреді [8].

Жасөспірім қоғамда өз орынын табуға тырыса отырып, физиологиялық, психологиялық деңгейдегі көптеген өзгерістерді бастан кешіреді. Бұл жаста әлеуметтік өзара әрекеттесудің құрылуына түрлі факторлар әсер етеді.

Олардың бірі ретінде перфекционизм деңгейін қарастыруға болады. Қазіргі қоғамда бұл құбылыстың көріністері жиілеп бара жатыр. Алдына тым жоғары мақсаттар мен стандарттар қойып, оларға ұмтылу сияқты ұстанымдар перфекционизмі бар тұлғаларда айқын көрінеді. Перфекционизмнің деңгейінің жоғары болуы тұлғааралық әрекеттесуге, іс-әрекетті атқару мен мақсат қоюға үлкен әсер етеді. Мінсіздікке, жоғары стандарттарға ұмтылу жұмыстың жақсы әрі тиімді орындалатынына кепіл бола алмайды [9].

Перфекционизмнің салдарына келетін болсақ, көптеген шет елдік зерттеулерде перфекционизмнің жоғары деңгейі созылмалы эмоциялық ыңғайсыздықпен және психологиялық, психиатриялық мәселелермен байланысты екені анықталды. Flett G. L. соавторларымен жасөспірімдердегі перфекционизм, мазасыздық, депрессия симптомдары мен қатар руминацияның ерекшеліктерін зерттеген болатын. Нәтижесінде біріншіден, руминациялар мен перфекционизм арасындағы байланыс орнатылды. Бұл өз кезегінде перфекционизмі бар жасөспірімдер депрессивті сезімдері жайлы, сонымен бірге өткен қателіктері, сәтсіздіктері мен мүмкіндіктері жайлы көп ойлануға бейім екенінің белгісі бола алады. Көп алаңдау мен ойлауға бейімділік, оқу барысына жеткілікті зейін қоя алмауға алып келуі мүмкін. Екіншіден, авторлар әлеуметтік тағайындалған перфекционизм мен руминациялар арасындағы корреляциялық байланыс төмен болғанын анықтады. Авторлардың пікірінше ем барысының тиімділігін арттыру үшін, иррационалды когнитивті ұстанымдар және бұрмаланулармен жұмыс істеу қажет. Себебі алынған зерттеу нәтижелері руминациялауға, яғни болған жағдайлар мен қателіктер жайлы көп ойлауға бейім перфекционизмі бар жасөспірімдер психологиялық бұзылыстарға әлсіз болатынын көрсетеді. Үшіншіден, перфекционизмнің жоғары көрсеткіштері ем барысына, нәтижесіне әсер етуі мүмкін. Себебі алдыларына жоғары стандарттар мен мақсаттар қоятын жасөспірімдер ем барысында жақсы нәтижелерге тез арада ұмтылуға, сәтсіздіктерден қашуға бейім болғаны байқалды. Ол өз кезегінде тек ем барысын тежейді [10].

Оқушылардағы перфекционизм құбылысының депрессия, мазасыздық, ашу-ызамен байланысы болады деген болжамды Hewitt P. L. әріптестерімен қарастырған болатын. Жүргізілген эксперимент нәтижесінде өзіне бағытталған перфекционизм ашу-ызадан басқа екі көрсеткішпен байланысты болып шықты. Ал перфекционизмнің әлеуметтік бағытталған түрі барлық көрсеткіштермен байланысты болып шықты. Бұл зерттеу жұмысы перфекционизмнің бұл түрінің психологиялық бұзылыстармен байланысты екенінің тағы бір дәлелі болып табылады. Басқа адамдардың күтулеріне сай болуға ұмтылыс және олардың үміттерін қысым ретінде қабылдау, өзіне үлкен талаптар қоюға қарағанда, ауыр реакцияларға алып келуі мүмкін. Зерттеу нәтижесін талдау арқылы гендерлік айырмашылықтар анықталмады, яғни қыздар мен ұлдар арасында маңызды айырмашылықтар байқалмады [11].

Перфекционизмнің жас ерекшелікпен, гендер және әлеуметтік-экономикалық деңгейімен байланысын Sand L. әріптестерімен анықтаған болатын. Эксперимент нәтижесі бойынша, респонденттердің жас аралығымен перфекционизм деңгейі арасында айырмашылық болмады. Перфекционизмнің орта деңгейі бойынша гендерлік айырмашылықтар көп байқалмады, алайда қыз балалар әлеуметтік тағайындалған перфекционизмнің жоғары деңгейін көрсетті. Сондай-ақ қыздар жалпы қарастылып отырған құбылыстың жоғары деңгейіне бейімділігін көрсетті. Отбасының экономикалық деңгейін қабылдау перфекционизмнің жоғары деңгейі бар оқушыларға тән екені анықталды [12].

Осылайша, жасөспірім кезеңі тұлғаның қалыптасуындағы маңызды кезең болып табылады. Жасөспірімдік кезең ересектік сезімінің болуымен, тәуелсіздікке ұмтылумен, айналадағы адамдардың бағалауына жоғары сезімталдықпен ерекшеленеді, бұл өзгерістер перфекционистік ұстанымдардың қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды. Жасөспірімдер арасындағы перфекционизм үлкен жетістіктерге ұмтылу ретінде де, шектен тыс өзін сынау мен үмітті ақтай алмаудан қорқу ретінде де көрінуі мүмкін. Перфекционизмнің жасөспірімдердегі көрініс ерекшеліктерін түсіну оның бейімді емес түрлерін дер кезінде анықтап, психологиялық қолдау көрсету үшін маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. VandenBos G. R. APA dictionary of psychology, Second edition. – Washington, DC, 2015. – 1204 p.
2. Ильин Е. П. Работа и личность. Трудоголизм, перфекционизм, лень. – СПб.: Питер, 2011. – 224 с.
3. С. Дж. Иган, Т. Д. Уэйд, Р. Шафран [и др.] Когнитивно-поведенческая терапия перфекционизма / пер. с англ. Е.С. Кравцова; под ред. Е.Г. Плотниковой. – М.: Научный мир, 2021. – 512 с.
4. Горская Г. Б., Мантачка Е. В. Личностные факторы конструктивности проявлений перфекционизма у старшеклассников // Теория и практика общественного развития. - 2013. - № 8. - С. 123-126.
5. Золотарева А. А. Перфекционизм в структуре саморегуляции личности // Психология и психотехника. - 2012. - Т. 42. - № 3. - С. 59-68.
6. Ларских М. В., Удалых И. А. Зависимость уровня и типологии перфекционизма подростков от типа негармоничного воспитания в семье // Инновации в науке: Сб. ст. по материалам XLV междунар. науч.-практ. конф. - Новосибирск: Изд. «СибАК», 2015. – № 5 (42). – С. 119-126.
7. Damian L. E., Stoeber J., Negru-Subtirica O., Băban A. On the development of perfectionism: The longitudinal role of academic achievement and academic efficacy // Journal of personality. – 2017. – Vol. 85. – № 4. – P. 565-577.
8. Астахова Л. Г., Буслаева Е. Н. Особенности развития личности современных подростков [Электронный ресурс]. // European research. – 2015. – № 10 (11). – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-razvitiya-lichnosti-sovremennyh-podrostkov>
9. Пархоменко Е. А., Дубовова А. А., Матвеева И. С. Перфекционизм как фактор межличностного взаимодействия в подростковом возрасте с учетом образовательной среды // Ученые записки университета им. П.Ф. Лесгафта. – 2019. – № 11 (177). – С. 528-533.

10. Flett G. L., Coulter L. [et al.] M. Perfectionism, rumination, worry, and depressive symptoms in early adolescents // Canadian Journal of School Psychology. – 2011. – Vol. 26. – №. 3. – P. 159-176.
11. Hewitt P. L., Caelian C. F., Flett G. L. [et al.] Perfectionism in children: Associations with depression, anxiety, and anger // Personality and individual Differences. – 2002. – Vol. 32. – № 6. – P. 1049-1061.
12. Sand L., Bøe T., Shafran R. [et al.] Perfectionism in adolescence: Associations with gender, age, and socioeconomic status in a Norwegian sample // Frontiers in public health [Electronic resource]. – 2021. – Vol. 9. – Mode of access: <https://doi.org/10.3389/fpubh.2021.688811>

УДК 159.922.7

К ВОПРОСУ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ ПОДРОСТКОВ

ПУСТЫННИКОВА СВЕТЛАНА ЕВГЕНЬЕВНА

Студентка ОП 6В03106 Психология

Карагандинского университета им. академика Е.А. Букетова
pustynnikovasveta@gmail.com

Научный руководитель — Лазарева Елена Александровна
Магистр социальных наук, старший преподаватель кафедры психологии
Карагандинского университета им. академика Е.А. Букетова

Аннотация. Статья посвящена проблеме взаимосвязи между учебной мотивацией и процессами профессионального самоопределения подростков. Рассмотрены вопросы влияния внутренней и внешней учебной мотивации на профессиональное самоопределение подростков. Представлены результаты эмпирического исследования среди учащихся 8-9 классов, направленного на выявление различий в мотивационной направленности и степени сформированности профессиональных интересов. Обнаружены различия между учащимися 8 и 9 классов как в учебной мотивации, так и в сформированности профессиональных интересов и планов.

Ключевые слова: учебная мотивация, профессиональное самоопределение, подростковый возраст.

Подростковый возраст является периодом, в течение которого продолжают формироваться и складываются базовые компоненты личности: самооценка, идентичность, стремление к самостоятельности, а также зарождаются устойчивые профессиональные интересы. В это время учащиеся начинают осмысленно сопоставлять свои склонности, ценности и способности с требованиями профессиональной среды [1].

Проблематика профессионального самоопределения подростков занимает важное место в современной психологии образования. В условиях стремительных изменений на рынке труда и постоянной трансформации социальных реалий осознанный профессиональный выбор приобретает особую актуальность.

Профессиональное самоопределение представляет собой сложный